

Абижанова Асем Шаймерденовнаның «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбында орындалған докторық диссертация жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Докторант Абижанова Асем Шаймерденовнаның ұсынған «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» атты диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі.

Қоғамның заманауи талабына сай орындалған докторанттың докторлық диссертациясының өзектілігі бірқатар мәселелерді шешуге атап айтсақ, ұлттық кесте өнерінің орындалу техникасының ерекшеліктері, иірім шешімдері, қиыстыру білімдері, кестелеу әдіс-тәсілдерінің сан алуандығы, шексіздігі студенттердің ойларын тереңдетеді, интеллектуалдық тұрғыдан дамытады, шығармашылық біліктерін шыңдайды. Мұның бәрі студенттің көркемдік-шығармашылық тұлғасының дамуына негіз болады.

Ұлттық кестенің өн бойында қалыптасқан тарихи-әлеуметтік-мәдени, көркемдік білімдер, халық дүниетанымының бай мазмұны, эмоционалдық, эстетикалық ықпалының басымдығы тұлғаның халықтың діни, философиялық дүниетанымын, адамгершілік көзқарастарын жеке талдауға мүмкіндік береді, көркемдік санасын, көркемдік, шығармашылық ойлауын қалыптастырады. Ұлттық кесте өнерінің шартты тілін, символикасын ұғынуын және мазмұнын терең қабылдауын дамытады, көргенін ойша толықтыра және байыта отырып, өзінің қиялын шыңдай түседі. Көркемдік-суретшілік-шығармашылық-шеберлік қабілеттерін аша түседі, олардың шығармашылық іс-әрекеттерін белсендіреді. Әсемдікке, өнерге қызығушылықты, қажеттілікті дамытады. Ақыл-ойларын, интеллектін, интуициясын өсіреді, ұшқыр қиялын дамытады. Эмоционалдық сезімдік, эстетикалық саналық қабылдау қабілеттерін жоғарылатады. Осы айтылғандардың бәрі студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуеті дамуының негізі бола алады.

Зерттеу пәнімізге орай студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудың құралы тұрғысынан ұлттық кестенің шығу тарихына, мазмұнына, сондай-ақ, кестеленетін бұйымдарға, кестеленетін ою-өрнектерге және кестелеу техникасына талдау жасаймыз. Соның негізінде ғана біз ұлттық кестенің студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудағы мүмкіндіктерін анықтай аламыз. Сонымен ұлттық кесте өнерінің түрлері мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтауда төрт қырынан зерттейміз.

1) Ұлттық кестенің студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудағы мүмкіндіктері осы өнердің шығу, даму тарихы туралы білімдердің тереңдігі мен мазмұнына, оның тұлғаның дамудағы мәнді

ықпалынан туындайды. Сол себепті зерттеу барысында ұлттық кестенің шығуы мен дамуына тұлғаның көркемдік-шығармашылық дамуына әсері тұрғысынан талдау жасаймыз.

2) Ұлттық кестенің шығу даму тарихын зерттемес бұрын кесте өнері дегеніміз не және ол қандай бұйымдарға салынатынын анықтап алу қажет.

3) Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытуда кестеленетін ою-өрнектердің түрлері мен мазмұнын, олардың тұлғаның дамуындағы мәнін айқындаудың керектігі артады.

4) Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда ұлттық кестенің орындалу техникасын, оның түрлері мен жолдарны анықтаудың қажеттілігі туындайды.

А.Абижанова төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1. Студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерін айқындады;

2. Ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтады;

3. Студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасады;

4. Студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесін жасады және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерді, оны ендіру бойынша ұсыныстар берді.

Ізденуші зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары педагогикалық оқу орындарының көркемөнер саласы студенттерінің оқу-тәрбие үдерісінде, жалпы білім беретін мектептердің, өнер саласындағы лицейлердің, колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық кезеңдерін орындауда автор ғылыми зерттеудің әдістемесін жетік меңгергендігін көрсетті. Асем Абижанова шетелдік тағылымдамадан өту кезінде Акдениз университеті (Туркия мемлекеті) өзінің білімділігін, біліктілігін, ізденімпаздығын, зерттеу проблемасына аса қызығушылығын, белсенділігін, зерттеушілік қабілетінің жоғарылығын таныта білді.

Зерттеу проблемасына байланысты ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, озық тәжірибелерге ғылыми - теориялық тұрғыдан кеңінен талдау жасап қана қоймай өз көзқарасын жинақтап, жүйелеп көрсеткен. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасап, қарастырылып отырған мәселенің теориялық - әдіснамалық негіздерін анықтаған. Зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде зерттеуші өзінің ой қорытындысын, тұжырымын жасай білген.

Зерттеу барысында барлығы 21 ғылыми мақала жарық көрді. Соның ішінде 4- Комитет басылымдарында, 9- ғылыми - практикалық конференция,

5 - шетелдік конференция материалдарында, 3 Scopus базасына енетін журналдарда жарияланған, 2 оқу-әдістемелік құралда жарияланды.

А.Ш.Абижанованың жүргізілген зерттеуі ізденушінің ғылыми зерттеулерді жүргізуге жеткілікті түрдегі жоғары деңгейдегі дайындығын, пәндік облыс бойынша терең білімінің бар екендігін көрсетеді.

Орындалған диссертациялық жұмыс 6D010700- «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмыстың талаптарына сай келеді. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысқа баға бере отырып, докторант Абижанова Асем Шаймерденовнаның ғылыми дайындық деңгейін 6D010700- «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесіне лайықты деп санаймын.

Ғылыми кенесші:
Абай атындағы ҚазҰПУ
п.ғ.д., профессор



04.01.21.